

**6D020300 – Тарих мамандығы бойынша философия докторы (PhD)
дәрежесін алу үшін ұсынылған Сагинаева Айнагуль Нургалиевнаның
«VIII - XIII ғасырлардағы коман-қыпшақтарының көрші халықтармен
этно-тарихи байланысы» атты диссертациялық зерттеуіне шетелдік
ғылыми кеңесші, тарих ғылымдарының докторы, Стамбұл
университетінің профессоры Муалла Уйду Южелдің
(Стамбұл, Түркия)**

Пікірі

Қазіргі кезеңде түркі тілдес халықтардың ортақ тарихи тамырларының бастаулары, этникалық қалыптасу тарихы, ғасырлар бойы сабақтастығын үзбей мәдени мұраларын сақтауы мен дамытуы және көрші халықтармен бейбіт қарым-қатынас орнатуына арналған зерттеулер өзекті болып табылады. Бүгінгі қазақ, башқұрт, өзбек, қырғыз және т.б. түркі тілдес халықтардың қалыптасуына ортасырларда Еуразия аумағында жүрген этникалық үдерістердің, саяси оқиғалардың өзіндік ықпалы болғанына тарихи деректер куәлік береді. Диссертациялық жұмыстың тақырыбы сондай маңызды тақырыптың бірі, VIII - XIII ғасырлардағы коман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланысына арналған.

Докторант А. Сагинаева алдына қойған мақсатына жету үшін қазіргі кездегі әлемдік ғылыми әдебиеттердегі этникалық тарих, этникааралық байланыстар, көші-қон үдерісі мәселелері бойынша теориялық-методологиялық көзқарастарды пәнаралық байланыстар тұрғысынан қарастырған. Этникалық тарих бұл белгілі бір этникалық топтың шоғырлану және жіктелу үдерісі болып табылатын этникалық үдерістерінің жиынтығы және этникалық тарихты зерттеуде нысанаға этникалық қауымның шығу тарихы, құрамы, мәдениеті, тілі, рухани дүниетанымы, соның ішінде діни сенімі, территориясы, этникалық дүниетанымы басшылыққа алынады. Олай болса, бүгін жаңа ұлттық тарихи таным қалыптастыру үшін диссертанттың қарастырып отырған тақырыбы, жұмысының мазмұны, ортағасырлардағы этникалық үдерістерге ықпал еткен коман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланысы өте өзекті, тың тақырыптардың бірі екені анық.

Ұсынылған тақырыптың ғылыми жаңалығы және өзектілігі сонымен қатар, коман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланысы арнайы монографиялық және диссертациялық зерттеу объектісі ретінде Қазақстан Республикасында да, шетелдерде де қарастырылмағандығынан да көрінеді. Сондықтан да бұл жұмыстың құндылығы мен ғылыми маңызын арттыра түседі. Жұмыс кіріспеден, үш тараудан, қорытынды және пайдаланылған әдебиеттер тізімінен тұрады. Автор өз зерттеуінің мақсаты мен міндетін, методологиясын және жаңалығын дұрыс анықтаған. Диссертациялық жұмыста жүйелі түрде коман-қыпшақтарының көрші халықтармен байланысы түркі кезеңінен басталып, Қара теңіздің солтүстігіндегі XI-XIII ғасырларда қоныстанған халықтар мен қағанаттармен,

атап айтқанда, пешенегтер, бұлғарлар, оғыздар, славяндар, венгрлермен этникалық, мәдени, діни, сауда байланыстары жан-жақты қарастырылған.

Коман-қыпшақтарының этникалық тарихын зерттеу қазақ ру-тайпаларының өткен тарихын, олардың өзара қалай біріккендігін анықтауға жол ашатынын көрсете білген. Ерте орта ғасырларда әлеуметтік, саяси, табиғи жағдайларға, яғни қоршаған ортаға бейімделу барысында Еуразия аумағын қоныстанған көшпелілер бірігуге және келісіп әрекет жасауға мәжбүр болған. Осындай бірігулер нәтижесінде жаңа этностар, мәдениеттер пайда болып, өркениеттің негізіне айналған мықты этникалық топтар қалыптасқан. Ерте орта ғасырлардың соңына таман Қазақстан аумағында сондай бір мықты этникалық қауымдастық коман-қыпшақтары тарих сахнасына шыққан. Яғни, тарихта XI-XIII ғасырдың бас кезі қыпшақ этникалық бірлестігінің, соның ішінде күшті әулеттік елбөрілі руының билікті өз қолында шоғырландырып, туыс түркі тілдес тайпаларды қуатты Қыпшақ хандығы төңірегінде топтастырып, Дешті Қыпшақ жерінде хандық құрған кезеңі ретінде сипатталады.

VIII-XIII ғасырлардағы түркі тілдес халықтардың тарихи мұраларынан бастау алатын қазіргі мәдени игіліктеріміздің қалыптасуы мен даму тарихын білуде коман-қыпшақтарының көші-қон үдерісі және соның салдары ретінде этникалық қоныстану аумағының өзгеруі, кеңеюі, көрші халықтармен мәдени ықпалдастығы орын алады. Оны бүгінде ашылып жатқан археологиялық деректер растайды. Бұл докторанттың диссертациялық жұмысын жазу барысында археологиялық, лингвистикалық, этнографиялық және т.б. деректерді молынан қолданғанынан да көрініп тұр.

Жалпы, пәнаралық байланыс тұрғысы түрлі ғылым салалары арасындағы шектеулерді алып тастап, зерттеу тақырыбы аясында тұжырымдар, идеялар, зерттеу әдістемесімен алмасуға мүмкіндік береді. Мұны докторант ұтымды пайдаланып, пәнаралық байланыстар тұрғысынан ортағасырлардағы тарихи оқиғалар мен құбылыстарды кешенді түрде қарастыра отырып, зерттеу тақырыбы бойынша маңызды тұжырымдар жасаған. Осы ретте қарастырылып отырған кезеңдегі коман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланысының маңыздылығын докторант ашып көрсете білгенін атап өткен жөн.

А.Н. Сагинаеваның докторлық диссертациясы ғылыми тұрғылардың тұжырымдамалығын қамтамасыз ететін ішкі бірлікке ие. Бұл баяндау дәйектілігінен, тарихи талдау әдістерін еркін меңгергендігінен көрінеді. Сондай-ақ, ол диссертацияның әр тарауы өзіндік ішкі дербестікке ие бола тұра, өзіндік зерттеу пәні, өзіндік ғылыми инструментарийі, әр тараудың өзіндік ғылыми қорытындылары коман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланысы, этникааралық өзара әрекеттестігі факторы, түрі мен сипатын анықтауда жалпы бір мақсатты шешуге бағытталған зерттеу жұмысының бір бөлшегі болып табылады.

Атап айтқым келетіні, докторант А.Н. Сагинаева шетелдік тағылымдамасын өту үшін Стамбул университетіне келген жылдары менің жетекшілігіммен «VIII-XIII ғасырлардағы коман-қыпшақтарының көрші

халықтармен этно-тарихи байланысы» зерттеу тақырыбы аясында Стамбул университеті, Ислам зерттеу орталығы (ИСАМ), Түркия зерттеу орталықтарының кітапханаларында, сондай-ақ, Түркі Дүниесі Орталығының зерттеулері мен кітаптары қорларында ізденіс жұмыстарын жүргізіп, зерттеу тақырыбы бойынша қажетті ғылыми зерттеулер мен деректермен танысты және оны диссертациялық жұмысын жазуда дұрыс пайдалана алғаны көрініп тұр.

Жалпы, А.Н. Сагинаеваның жұмысы жоғары ғылыми деңгейде орындалған, көлемді тарихи деректер, мол ғылыми аппарат колданылған, өз кезегінде бұл зерттеушінің жақсы біліктілігіне күмән келтірмейді. Ғылыми нәтижелері Қазақстан, Түркі халықтарының тарихы бойынша жалпы және арнайы курстарды оқуда тәжірибелік маңызға ие болады деп сенемін.

Сагинаева Айнагуль Нургалиевна ұсынып отырған «VIII - XIII ғасырлардағы коман-қыпшақтарының көрші халықтармен этно-тарихи байланысы» атты диссертациялық жұмысы дербес, әрі аяқталған зерттеу болып табылады және оны философия докторы (PhD) дәрежесін алу үшін «6D020300 – Тарих» мамандығы бойынша Диссертациялық Кеңесте қорғауға ұсынуға болады деп есептеймін.

**Стамбул университеті, Жалпы
түрік тарихы кафедрасының меңгерушісі
тарих ғылымдарының докторы, профессор**

17.05.2019.
Муалла Уйду Южел

